

«28» 04 2022ж  
№ 314 бұйрыққа  
1-қосымша

**«Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» республикалық педагогикалық шеберлік конкурсының I кезеңін өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, «Педагог мәртебесі туралы» заңға, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және облыстың өзге де азаматтық қызметшілерін аттестаттаудан өткізу ережелері мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

«Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» республикалық педагогикалық шеберлік конкурсының I іріктеу кезеңін (бұдан әрі - Конкурс) ұйымдастыру және өткізу туралы ереже конкурсты өткізу тәртібін айқындайды. Конкурс педагогикалық еңбектің беделін арттыру, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - АБҰ) үздік педагогтерінің тәжірибесін тарату мақсатында өткізіледі.

1.1. Конкурс АБҰ педагогтері тұлғасының әлеуметтік-кәсіби ресурстарын, шығармашылық белсенділігін және білім беру мазмұнын жаңарту бойынша қызметті дамытуға, білім беру процесін ұйымдастыруда жаңа технологияларды қолдануға, педагогтардаң кәсіби шеберлігін арттыруға

бағытталған.

1.2. Конкурс төмендегі номинациялар бойынша өткізіледі:

«*Арнайы балабақшаның үздік педагогы (тәрбиешісі)*» (тәрбие процесін жүзеге асыратын педагогтер);

«*Арнайы балабақша тәрбиеленушілерін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің үздік педагогы*» (мұғалім-логопед, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог, педагог-психолог).

«*Арнайы мектептің үздік педагогі (мұғалімі)*» (оқу процесін жүзеге асыратын педагогтер);

«*Арнайы мектеп оқушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің үздік педагогі*» (мұғалім-логопед, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог, педагог-психолог).

«*Арнайы мектептің үздік тәрбиешісі*»

1.3. Байқауды ұйымдастырушылар:

I іріктеу кезең - Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы және Білім беруді жаңғырту орталығы;

II кезең (межелік) - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ.

1.4. Конкурса лауазымда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі, арнайы білім беру ұйымдарында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар, Ереженің талаптарына сәйкес конкурса қатысуға өтінім берген тәрбиешілер мен педагогтер қатысады. Қатысушылардың жасы шектелмейді.

1.5. Конкурсты өткізуде ұйымдастырушылар әр кезеңді өткізу үшін конкурстың ұйымдастыру комитеттерін (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеттері) құрады және бекітеді.

**1.6. Ұйымдастыру комитеті:**

\* конкурстың іріктеу және финалдық кезеңдерін дайындауға, өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады, конкурстың өткізу мерзімі, бағдарламасы, құзыреттер тізбесі бойынша ұсыныстар қалыптастырады;

\* қазылар алқасының құрамын бекітеді, қорытынды жасайды және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды;

\* Конкурс құжаттамасын әзірлейді (конкурстық тапсырмалар, бағалау өлшемдері, номинациялар бойынша қорытынды хаттамалар және басқа құжаттар);

\* білім беру ұйымдарына ақпараттық хаттар, бағдарламалар және т. б.

жолдайды;

\* конкурстың финалдық кезеңін өткізу үшін орынды анықтайды (көзбе-көз форматтағы жағдайда);

\* қаржыландыру көздерін, конкурс нәтижелері бойынша берілетін марапаттар мен бағалы сыйлықтардың санын анықтайды;

\* конкурстың техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

\* Конкурстың ақпараттық жария етілуін қамтамасыз етеді.

### **1.8. Байқаудың қазылар алқасы.**

\* Конкурстың қазылар алқасының құрамы мен төрағасын Ұйымдастыру комитеті анықтайды.

\* Қазылар алқасы Конкурс жеңімпаздарын өлшемдерге сәйкес ең жоғары балл саны бойынша анықтайды.

\* Жеңімпаздарды қазылар алқасы жабық дауыс беру арқылы анықтайды.

1.9. Конкурс туралы ақпарат және байланыс мәліметтері (телефон, электрондық пошта мекенжайы) ұйымдастырушының - Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы және Білім беруді жаңғырту орталығының ресми сайтында орналастырылады.

## **II. Конкурсты өткізу тәртібі**

2.1. Байқау екі кезеңде өткізіледі:

**I кезең – іріктеу кезеңі.** Облыстар және республикалық мәні бар қалалар (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент) деңгейінде өткізіледі.

Өткізу нысаны - қатысушылардың ұсынылған құжаттары мен материалдары негізінде сырттай.

Іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша әр номинацияда жеңімпаз атанған педагог (қатысушы) конкурстың финалдық кезеңіне жіберіледі.

Өткізу мерзімі - **2022 жылғы 28 сәуірден бастап 03 маусымға** дейін.

**II кезең – межелік.** Әр номинация бойынша облыстық және республикалық мәні бар қалалардың кәсіби конкурстарының жеңімпаздары арасында өткізіледі.

Өткізу нысаны – жүзбе-жүз / online формат.

Қорытынды кезеңді өткізу туралы шешімді ұйымдастырушы эпидемиологиялық жағдайды, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті белгілеген санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауды ескере отырып қабылдайды.

Өткізу мерзімі - 2022 жылғы 1 тамыздан бастап 30 қыркүйекке дейін.

I кезеңге қатысу үшін Ереженің 1.5-тармағына сәйкес АБҰ педагог қызметкерлері шақырылады.

2.2. I (іріктеу) кезеңге қатысуға өтінім ұйымдастыру комитетіне сканерленген нұсқадағы нысанға сәйкес **2022 жылғы 27 мамырға дейінгі** мерзімде ұйымдастырушының [dop.inclusive@mail.ru](mailto:dop.inclusive@mail.ru) электрондық мекенжайына жіберіледі (*1-қосымша*).

Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

#### **2.4 I (іріктеу) кезеңіне қатысудың конкурстық материалдарының пакетіне мыналар кіреді:**

2.2.1. Ашық іс-шараның бейнежазбасы (сабақ, тәрбиелік іс-шара) 30 минуттан аспайды, ашық іс-шараның технологиялық картасы (сабақ жоспары), ашық іс-шараның өзін-өзі талдауы;

2.2.2. Конкурстық материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар және оларды *2-қосымшаға* сәйкес ұсыну тәртібі.

2.3. Конкурстың I (іріктеу) кезеңіне қатысу үшін жіберілген материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

2.4. Қазылар алқасы ұсынылған материалдарды бағалайды, конкурстың I кезеңінің әр номинациясындағы қатысушылардың рейтингін анықтайды және одан әрі II кезеңге қатысушылардың құрамын қалыптастырады (әр номинацияның жеңімпаздары).

Конкурстың I кезеңінің нәтижелері конкурсты ұйымдастыру комитеті отырысының хаттамасымен тіркеледі және әрбір қатысушыға 2022 жылғы 15 маусымнан кешіктірілмей электрондық пошта арқылы хабарланады

#### **2.1. Қазылар алқасы бағалайды:**

\* қатысушының білім және практикалық дағдылар саласындағы кәсіби құзыреттілік деңгейі, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеудегі кәсіби шеберлігі;

\* Педагогтің кәсіби қызметі жүйесінің тиімділігі мен нәтижелілігі, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізуде сабақтарды (тәрбие іс-шараларын) өткізу әдістемесін меңгеру дәрежесі, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік мәселелерді қазіргі кезеңде білу, НҚА саласында хабардар болу;

\* жеке қасиеттері: педагогикалық интуиция, креативтілік, суырып салмалық, ұйымдастырушылық қабілеттер, қатысымдық.

2.2. Материалдар портфолиосы және финалистердің тәжірибесін ұсыну *3-қосымшаның* өлшемдеріне сәйкес бағаланады.

### **III. Конкурс қорытындысын шығару**

3.1. I (іріктеу) кезеңнің нәтижелері бойынша қазылар алқасы әр номинация бойынша конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды. Ұйымдастырушы қосымша номинация мен жеңімпазды анықтауға құқылы.

3.2. Рейтингте ең көп балл жинаған қатысушы әр номинацияда конкурс жеңімпазы болып табылады.

3.3. Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері дипломдармен, сондай-ақ бағалы сыйлықтармен марапатталады.

«Арнайы білім беру ұйымының  
үздік педагогі» республикалық  
педагогикалық шеберлік конкурсының  
I (іріктеу) кезеңін  
өткізу туралы ереженің 1-қосымшасы

**«Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогі» республикалық  
педагогикалық шеберлік конкурсының I (іріктеу) кезеңіне қатысуға  
ӨТІНІМ**

Білім беру ұйымы:

Номинация:

I. Конкурса қатысушы туралы мәлімет, ЖСН

1.1. Конкурса қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (толығымен)

1.2. Лауазымы және жұмыс өтілі:

1.3. Мекенжайы, жұмыс орны:

Телефон:

Ұйымның электрондық поштасының мекенжайы:

1.4. Байланыс телефоны:

Қатысушының электрондық поштасының мекенжайы:

II. Білім беру ұйымы әкімшілігінің білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен  
куәландырылған осы қатысушыны (өтініш берушіні) конкурса ұсыну туралы шешімі:

Директор

М.О.

Жеке қолы

Қолды толық жазып көрсету

«Арнайы білім беру ұйымының  
үздік педагогі» республикалық  
педагогикалық шеберлік конкурсының  
I (іріктеу) кезеңін өткізу туралы  
ереженің 2-қосымшасы

**«Арнайы ұйымның үздік педагогі» қалалық педагогикалық шеберлік  
конкурсының конкурстық материалдарын ресімдеу бойынша  
ҰСЫНЫСТАР**

1. Сабақтың / оқудың/ тәрбие іс-шарасының бейнежазбасы AVI, MPED, WMP кеңейтілуімен электрондық тасымалдағышта ұсынылады (таңдау үшін). Бейнежазбаға технологиялық карта түрінде сабақтың/оқудың/тәрбиелік іс-шараның жоспар-конспектісі, сондай-ақ MSWord форматында ресімделген сабақтың өзіндік талдауы қоса беріледі.

Қоса берілген файлдардың мәтіні мынадай параметрлер сақтала отырып ресімделеді:

- жоспар-конспект: парақтың бағдары – альбомдық; жиектері: сол жақта – 1 см, оң жақта – 1 см, төменгі жағында – 1,5 см, жоғарғы жағында – 3 см; тақырып қарпі – Times New Roman, 14 кегль; мәтін қарпі– Times New Roman, 12 кегль.

- сабақтың өзіндік талдауы: парақтың бағдары – кітапша; жиектері: сол жақта – 3 см, оң жақта – 1,5 см, төменгі жағында – 1,5 см, жоғарғы жағында - 2 см; тақырып қарпі– Times New Roman, 14 кегль; негізгі мәтіннің қарпі- Times New Roman, 14 кегль.

2. Жіберілетін бейне файлдардың көлемі 2 ГБ артық емес, стандартты форматтар: \* . mp 4 немесе\*.avi.

3. Бейнероликтердің атауына «Қатысушының аты-жөні. Роликтің атауы. Ұйымның атауы» жазылады.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау үшін электрондық пошта мекенжайы: [dop.inclusive@mail.ru](mailto:dop.inclusive@mail.ru)

Хаттың тақырыбында міндетті түрде конкурсқа қатысушының аты-жөні, арнайы ұйымның атауы, өңір көрсетіледі.